ЖШС «Зейн» балабақшасы

БЕКІТІЛДІ

_____ Тастемір А.М
Балабақша меңгерушісі

«Сұңқар» ересек жас тобына арналған 2023 – 2024 оқу жылының циклограммалары

Тәрбиешілер: Ахметова Ж.Б

2023 – 2024 оқу жылы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС «Зейн» балабақшасы
Топ: «Сұңқар» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма 01.09.2023**
Балаларды қабылдау	*Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу***.** *Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары* ***(сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс –әрекет)***				
					Дидактикалық ойын:«Салыстыр» Мақсаты:әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру; **(математика негіздері,танымдық іс-әрекет)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер				
					Демалыс күндердегі баланың күн тәртібін

					дұрыс ұйымдастыру туралы ақыл кеңес жүргізу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					**«Боямақтарды бояу» Мақсаты**:Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту **(сурет салу,шығармашылық дағдыларын дамыту)**
Таңертенге жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті,физикалық дағдыларын дамыту)**Тұру,жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары.				
	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені 1.Бір тізбекпен жүру. Жүру, “торғайлар” белгісіне тоқтап, “чик,чирик” деп айту. 3-4 рет 2.“Аюлар” белгісіне еңбектеп жүру. 3. Жүру, шеңберге тұру. 4.Бастапқы қалып: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ ұстап, қолды төмен түсіру. «Құстар қанат қағады» деген белгіге балалар қолдарын иық көлеміне екі жанға көтереді. “Чик, чирик” деп, түсіреді. 5-6 рет қайталау. 5. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақтатып, қолдарын белге қою. Денені оңға, солға бұру. 5-6рет қайталау. 6. Б.қ. тік тұру, аяқ арасын иық көлемінде алшақ ұстау, қолымыз артта. Алға еңкейіп,тізені саусақтармен соғу. “Чик,чирик” деп, б.қ. оралу. 7. Б.қ. Шалқалай жату, қолымыз жанымызда. Қолымыз бен аяқтарымызды				

	жоғары көтере сермелеу, б.қ. оралу. 5-6 рет. 8. Бір тізбекпен жүру				
Таңғы ас	**Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау** (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, **Еңбек дағдылары** :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедулар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы: Дос бол сабын суменен Жуын күнде су мен сен Жуынсаң сен әрдайым Таза бетің, маңдайың **Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.**				
					«Құрылысшылар» **Мақсаты**:Сызбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруға үйрету; **(Құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет					**Дене шынықтыру(таза ауада)** **Тақырыбы: «**Аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру» **Міндеттері:** Бір

					орында оңға, солға бұрылып секіруді, бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіруді қалыптастыру. **ҰІӘ өту барысы:** 1.Сапқа тұру 2. Сәлемдесу Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру **3.Негізгі бөлім:** **Жалпы дамыту жаттығулар:** Басқа ,иыққа,белге,аяққа арналған жаттығулар; **Тыныс алу жаттығуы** Араның дыбысын салу. -з-з-з 4.**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары** 1. Бір орында оңға, солға бұрылып секіру; 2. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру; **5.Қимылды ойын:** «Өз үйіңді тап»

					Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Балаларды мадақтау. Қортынды.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну **(ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен					**Серуен №2** **Бақылау:**Бұлтты бақылау. **Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлттарды ажырату**.** **Еңбек**:Ойын алаңын қоқыстардан жинау **Мақсаты:**Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. **Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт)

					Мақсаты:Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. **(сөйлеуді дамыту,коммуникативтік іс-әрекет)** **Қимылдық ойын:** «Соқыр теке». **Ойын барысы:** Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса

					ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады.Ойынщыларды ң көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді. **Дербес ойындар:** **«Тәтті бәліш»** **Мақсаты:** сазбалшықтың,кесектер інен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу **(мүсіндеу,шығармашылық дағдыларын дамыту)**1.Әткіншек тебу. 2. Тартылғышқа тартылу.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б**. (көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)**				
					Дидактикалық ойын: «Отбасы мүшелерін ата»

					Мақсаты: Балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметті к іс-әрекет)**
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі)** **Кезекшілердің жұмысы** (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедулар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. **Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
					Ас ішу тәртібі:Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау **(тыныш музыка тыңдау).** Ертегі айту, кітіп оқу **(көркемдік қызмет)**				
					«Бесік жырын» тыңдату» **(музыка,шығармашл**

					ық дағдыларын дамыту
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру**) (дене белсенділігі,физикалық дағдыларын дамыту)**				
					2. Керует жанындағы жаттығулар Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық.
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **(сөйлеуді дамыту)**				
					Ас мәзірімен таныстыру Балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды					**«Кішкентай бағбан»(әңгімелеу)** **Мақсаты:** Балаларың суретке

ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)					қарап бағбанның кім екенін айтуға қалыптастыру. Бақтағы жұмыспен таныстыру.Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге қалыптастыру **«Дәмді алма» Шығармашылық шеберханасы** **Мақсаты:** Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. **(көркем әдебиет,коммуникативтік іс-әрекет,жапсыру шығармашылық іс-әрекет)**
Балалармен жеке жұмыс					**Дидактикалық ойын: «Бұл кім?»** **Мақсаты:** Отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру.

					(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік дағдыны дамыту) Райымбек.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну **(ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту)**				
Серуен					**Серуен №2 Бұлтты бақылау**
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС «Зейн» балабақшасы**

Топ: «Сұңқар» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09-08.09.2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 04.09.2023**	**Сейсенбі 05.09.2023**	**Сәрсенбі 06.09.2023**	**Бейсенбі 07.09.2023**	**Жұма 08.09.2023**
Балаларды қабылдау	*Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу***.** *Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары* ***(сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс –әрекет)***				
	Дидактикалық ойын: «Қандай пішінге ұқсайды» Мақсаты: пішіндерді атауға,тануға үйрету.Геометриялық пішіндерді танып атай білуге үйрету; **Шарты**: балалар суреттерді ,сәйкес пішінмен сәйкестендіреді **«Пішіндер»**	**Құрылыс материалдарымен ойын Мақсаты:** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруды қалыптастыру; **(Құрастыру,шығармашылық**	**«Көпір» Құрылыс материалдарымен ойын Мақсаты:** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, ағаш кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруды қалыптастыру; **(Құрастыру,шығармашылық**	**Дидактикалық ойын:«Өзім және отбасым» Мақсаты**:Баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету; **Ойын шарты**: суреттер бойынша әңгіме жүргізу.	**Дидактикалық ойын: «Қандай пішін жоқ» Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді (дөңгелек,төртбұрыш,үшбұрыш)танып, ата білуге үйрету; **(математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту)**

	Мақсаты:Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету **(математика негіздері,таным-дық іс-әрекет,сурет салу,шығармашы-лық іс-әрекет)**	**дағдыларын дамыту)**	**дағдыларын дамыту)**	Отбасындағы ата мен әже, ата - баба болып келеді, әкең мен шешең, ата - ана. Ал әпке, аға, ата - ана, балалар отбасының мүшелері болады. **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеумет-тік іс-әрекет)**	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер				
	Ата- аналардың балаларды балабақшаға кешікпей әкелуін қадағалау	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезінд егі өзгерістер туралы әңгімелесу.	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу	Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру	«Тазалық - денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітап	**«Менің қалам» Мақсаты**:Орналас-тыру тәсілдерін қолдана отырып, кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруды үйретуді	**«Дидактика лық ойын: «Сиқырлы қапшық» Мақсаты:**Бала-ларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет	**Дидактикалық ойын:«Пішіндер ді орналастыр» Мақсаты:**Геомет риялық пішіндерді (дөңгелек,төртбұ-рыш,үшбұрыш)та	**Дидактикалық ойын: «Бұл не?» Мақсаты:**Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық	**«Боямақтарды бояу» Мақсаты**: Түстерді ажырата білуге үйрету; Бейнелеу дағдыларын қалыптастыру; **(сурет салу,шығармашы-**

тар қарау және тағы басқа әрекеттер)	жалғастыру; **(құрастыру,шы-ғармашылық дағдыларын дамыту)**	жасау дағдыларын қалыптастыру Көрнекіліктер: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар. Ойынның барысы: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік дағдыларын дамыту)**	нып,ата білуге үйрету. **(математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту) «Мамандық-тарды ата» Мақсаты**:Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен байыту; **(сөйлеуді дамыту,комуникативті дағдыларын дамыту)**	айтуды үйрету. Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру **(сөйлеуді дамыту,коммуника-тивті дағдыларды дамыту)** «Дәмді алма» **Мақсаты:** Көкөністер мен жемістерді, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру;Саусақ бұлшықеттерін дамыту,әсемдікке баулу **(сурет салу,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	**лық дағдыларын дамыту)** **Құрылыс материалдарымен ойын Мақсаты:** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруды қалыптастыру; **(Құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**
Таңертенге жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті,физикалық дағдыларын дамыту)**Тұру,жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары.				

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені
1.Бір тізбекпен жүру. Жүру, “торғайлар” белгісіне тоқтап, “чик,чирик” деп айту. 3-4 рет
2.“Аюлар” белгісіне еңбектеп жүру.
3. Жүру, шеңберге тұру.
4.Бастапқы қалып: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ ұстап, қолды төмен түсіру. «Құстар қанат қағады» деген белгіге балалар қолдарын иық көлеміне екі жанға көтереді. “Чик, чирик” деп, түсіреді. 5-6 рет қайталау.
5. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақтатып, қолдарын белге қою. Денені оңға, солға бұру. 5-6рет қайталау.
6. Б.қ. тік тұру, аяқ арасын иық көлемінде алшақ ұстау, қолымыз артта. Алға еңкейіп,тізені саусақтармен соғу. “Чик,чирик” деп, б.қ. оралу.
7. Б.қ. Шалқалай жату, қолымыз жанымызда. Қолымыз бен аяқтарымызды жоғары көтере сермелеу, б.қ. оралу. 5-6 рет.
8. Бір тізбекпен жүру</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, Еңбек дағдылары :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу)
Гигиеналық процедулар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы:
Дос бол сабын суменен
Жуын күнде су мен сен
Жуынсаң сен әрдайым
Таза бетің, маңдайың
Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.</td></tr>
<tr><td>Шаттық шеңбері
Қол алысып, қәне, біз,
Достасайық бәріміз.</td><td>Дидактикалық ойын:Қандай пішінге ұқсайды»</td><td>«Боямақтарды бояу»
Мақсаты:
Әртүрлі</td><td>«Биік ғимараттар»
Мақсаты.Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып,</td><td>Дидактикалық ойын:« Көлік түрлері»</td></tr>
</table>

	Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу!	**Мақсаты:** заттарды пішіндеріне қарай ажыратады Ойлау қабілеттерін дамыту, Геометриялық пішіндерді (дөңгелек,төртбұрыш,үшбұрыш) танып,ата білуге үйрету; Шарты: заттардың пішініне қарай төрт топқа бөлу. **(математика негіздері,танымдық іс-әрекет)**	бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. **(сурет салу,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруға үйрету; **(құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	**Мақсаты:** Жақын маңайдағы заттарды ажыратып,атай білу дағдыларын жетілдіру **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік іс-әрекет)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	**Музыка** (маман жоспарына сай) **(Шығармашылық дағдыларды дамыту)**	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Бірқалыпты секіру»** **Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіруге,	**Дене шынықтыру** **Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіруге, Бір орында тұрып, екі аяқпен секіруді (2–3 рет жұрумен	**Музыка** (маман жоспарына сай) **(Шығармашылық дағдыларды дамыту)**	**Дене шынықтыру(таза ауада)** **Тақырыбы: «**Бір орында оңға, солға бұрылу» **Міндеттері:** Бір орында оңға, солға бұрылып секіруді, бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп

		Бір орында тұрып, екі аяқпен секіруді (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіруді). Допты домалатып, қағып алуды, лақтыруды үйрету **ҰІӘ өту барысы:** 1.Сапқа тұру 2. Сәлемдесу Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру **3.Негізгі бөлім:** **Жалпы дамыту жаттығулар:** -Басқа -иыққа -белге -аяққа арналған жаттығулар; **Тыныс алу жаттығуы:** шәйнектік дыбысын салу(ш-	кезектестіре отырып, 10 рет секіруді). Допты домалатып, қағып алуды, лақтыруды үйрету **ҰІӘ өту барысы:** 1.Сапқа тұру 2. Сәлемдесу Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру **3.Негізгі бөлім:** **Жалпы дамыту жаттығулар:** Басқа -иыққа -белге -аяққа арналған жаттығулар; **Тыныс алу жаттығуы:** Мұрынмен терең дем алып, ауызбен дем шығару		жүгіруді қалыптастыру. **ҰІӘ өту барысы:** 1.Сапқа тұру 2. Сәлемдесу Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру **3.Негізгі бөлім:** **Жалпы дамыту жаттығулар:** -Басқа -иыққа -белге -аяққа арналған жаттығулар; **Тыныс алу жаттығуы** Араның дыбысын салу. -з-з-з 4**.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары** 1. Бір орында оңға, солға бұрылып секіру 2. аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру

		ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару. 4.**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары** 1. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. 2. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2–3 рет жұрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру). 3.Допты домалату, қағып алу, лақтыру **5.Қимылды ойын:** Допты тордан лақтыр 9 **Мақсаты:** Допты лақтыра білуге үйрету, топпен жарыса білуді ептілікке,шапшаңдыққа үйрету. **Шарты:**	4.**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары** 1. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. 2. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2–3 рет жұрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру). 3.Допты домалату, қағып алу, лақтыру **5.Қимылды ойын:** Қимылды ойын: « Ит пен қоян » **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. **Шарты**: Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан		**5.Қимылды ойын:** «Өз үйіңді тап» **Мақсаты:** түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. **Қажетті құралдар:** түрлі-түсті дөңгелектер **Ойын барысы:** Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалу. Балаларды мадақтау,шеңбер бойымен жүру.Қорытынды

		Құрылған тордың екі жағынан бөлініп тұрады. Арақашықтығы 1-1,5 метр болуы керек. Балалар тор арқылы бір-біріне допты лақтырады.Допты жерге түсірмей қағып алып отыру керек.Тәрбиеші жерге түскен допты санап отырады.Қай топта доп көп жерге түсе сол топ жеңіледі Балаларды мадақтау,шеңбер бойымен жүру.Қорытынды	кейін « ит», « қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді. Балаларды мадақтау,шеңбер бойымен жүру.Қорытынды		
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну **(ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту)**				
Серуен	**Серуен № 3** **Бақылау** Құстарды бақылау. **Мақсаты:**Күзде құстардың жылы	**Серуен№4** **Бақылау:** Желді бақылау. **Мақсаты:** Желдің	**Серуен №5** **Бақылау:** Көшедегі машиналарды бақылау.	**Серуен №6** **Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз	**Серуен №7** **Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау.

	жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.Балаларды заттық әлеммен таныстыру **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік іс-әрекет)** **Еңбек**:Құстарға жем сауыт жасау. **Мақсаты:** Құстарға қамқорлық қарауға аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс,тақпақ жаттау** **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.	түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру**.** **Еңбек**: «Әдемі гүлдер» **Мақсаты:**Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. **Жеке жұмыс:** Тақпақ. «Жел» **Мақсаты:**Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру	**Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігі мен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік дағдыларын дамыту)**	мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «**Таза алаң». **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».** **Мақсаты:** «Ү» дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап	**Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. **Еңбек**:Жапырақтардан гүл шоғын жасау **Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. **Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ** Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей **Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын

	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту**(сөйлеуді дамыту,коммуникативті дағдыларын дамыту)** Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар . Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. **Дидактикалық ойын:** «Күзде не киеміз?» **Мақсаты:**Күз мезгіліне байланысты адамдардың киім кию үлгісін көрсете түсіндіру. **Қимылдық ойын:** «Аттамақ». **Мақсаты**:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу. Бір	**(сөйлеуді дамыту,коммуникативті дағдыларын дамыту)** Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. **Қимылды ойын:** «Орамал тастау». **Мақсаты**: Балалардың сезіну қабілеттерін, байқампаздығын дамыту. **Ойын барысы:**Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,	**Еңбек**: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. **Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. **Жеке жұмыс:** « Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қорын молайту. **Қимылды ойын:** «Ұшты-ұшты» **Ойын барысы:** Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты	**Қимылды ойын**: « Ұшты-ұшты » **Мақсаты**: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Қол мен аяқ қимылын үйлестіруге, бой түзулігін дұрыс сақтауға қалыптастыру; **(физикалық дағдыларын дамыту)** **Шарты**: Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт.Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де , ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты,	бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету **(сөйлеуді дамыту,коммуникативті іс-әрекет)** **Ойын:** «Аю жүрген орманда». **Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту **Қимылдық ойын:** «Монданақ». **Ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғанда р тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,- деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны

	орында тұрып, екі аяқпен секіруге үйрету; **(физикалық дағдыларын дамыту)** **Ойын барысы:** Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Бріншісі-төмен ,оны аттап өту керек, екіншібиік, оны еңкейіп, үшіншісіінен тағы да аттап өту керек.Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек.Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді.	ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап	қабан ұшты»,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі.Үшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға,үйрек-бүйрек, кептер-кепсер, көже-шөже, іркіт-бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік үшты, етік үшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады. **Дербес ойындар: «Әртүрлі пішіндер»** **Мақсаты:** Түрлі пішіндегі таныс заттарды және	ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді. Ұшты-ұшты сұңқар ұшты (қол көтереді) Ұшты-ұшты қарға ұшты (қол көтереді) Ұшты-ұшты арба ұшты Осылайша жүргізілген ойында жаңылмаған ойыншы жеңеді. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1. Әткеншек тебу. 2. Допты қуалау**.**	жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады. **Балалардың өз бетімен ойнауы: «Түрлі пішіндер»** 1. Мақсаты:үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін ескере отырып,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. **(мүсіндеу,шығармашылық дағдыларын дамыту)** 2.Әткеншек тебу 3.Қуаласпақ

	1.**Сазбалшықтан «қала» жасайық Мақсаты:** сазбалшықтың, кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу **(мүсіндеу,шығармашылық дағдыларын дамыту)** 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік**.**	қалғанорынға келіп отырады. **Дербес ойындар:** 1. «Желмен жарысайық» 2. **«Менің әдемі үйім (асфалқа түрлі түсті бормен сурет салу) Мақсаты:** Борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру. **(сурет салу,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып сазбалшықтан мүсіндеуге үйрету**.(мүсіндеу, шығармашылық дағдыларын дамыту)** «Мені қуып жет»дербес ойын		
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б**. (көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)**				
	«Үйшік»ертегісі Мақсаты:Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды	**«Түрлі түсті шарлар» Мақсаты**:қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді	**«Күз тамаша»** әнін жаттау,қайталау; **(музыка,шығармашылық**	**«Кел санайық балақай» Мақсаты:** 5 көлемінде ұстарту санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған	**«Күзгі жапырақ» Мақсаты**: Күз мезгіліндегі өзгерістер туралы түсінік бере отырып,жапырақты

	түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. **(көркем әдебиет,коммуникативтік дағдыларын дамыту)**	қалыптастыру.Еп тілікке ұқыптылыққа баулу; **(жапсыру,шығармашылық дағдыларын дамыту;)**	**дағдыларын дамыту)**	саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. **(математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту)**	жабыстыруға үйрету. Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыр **(жапсыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі)** **Кезекшілердің жұмысы** (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедулар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. **Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)	**Ойын- жаттығу:** Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру	**Ас ішу тәртібі:**Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек	Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау **(тыныш музыка тыңдау).** Ертегі айту, кітіп оқу **(көркемдік қызмет)**				
	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы	«Бесік жырын» тыңдату» **(музыка,шығар**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы	«Бесік жырын» тыңдату» **(музыка,шығарма**

	қою. «Арыстан мен тышқан»	жағдай жасау (баяу музыка тыңдау,**шығармашылық дағдыларын дамыту)**	**машлық дағдыларын дамыту)**	жағдай жасау (баяу музыка тыңдау).	**шлық дағдыларын дамыту)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру**) (дене белсенділігі,физикалық дағдыларын дамыту)**				
	3.Шынықтыру шарасы. Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру.	**4.Демалуды қалыпқа келтіру** Демді қалыпқа келтіру. Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық, Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық!.	**5.Керуеттегі жаттығулар** Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.	**6.Керуеттегі жаттығулар** - Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - Балалар төсекте, арқаға жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 секунд. - Балалар төсекте, ішке жатып, қолдарын жанына қою, аяқтарын көтеріп, велосипед тебу.	7. **Керует жанындағы жаттығулар** "Құстар" 1. "Құстар оянды" - Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын шақырып жатыр» - Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиқ-шиқ» деп айту.
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **(сөйлеуді дамыту)**				

	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту Ас қайтару **Бата** Асқа берекет Адамға қанағат Айдан аман ет Жылдан есен ет	**Таза және ұқыпты тамақтану.** Тамақтану мәдөнетін қалыптастыру	**Мәдениетті тамақтануға баулу** Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.	**Ас мәзірімен таныстыру** Балалардың назарын тағамға аудару.	**Мәдениетті тамақтануға баулу.** Келген асты алдыңа , Тауысып іш қалдырма. Астарың -дәмді болсын!- балалар! «Рахмет!» сөздерін үнемі айтуға дағдыландыру.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	**«Күзгі ағаштар»** **Мақсаты**:қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. **(жапсыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	**«Бауырсақ» ертегісі** **Мақсаты**:Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету **Шығармашылық шеберханасы**	«Ойыншықтар» өлеңі. Н. Әлімқұлов. **Мақсаты:** Әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, туралы түсініктерін қалыптастыру. **(көркем әдебиет,коммуникативті іс-әрекет)** **«Менің ойыншығым»**	**«Дәрумендер»** **Мақсаты:** Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету **(көркем әдебиет,коммуникативті іс-әрекет)** **«Қызанақ»** **Мақсаты:** қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.Қиялда	**Дидактикалық ойын: «Оюлы сырмақ»** **Мақсаты**:Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру.Ою түрлерімен таныстыру **(көркем әдебиет,коммуникативті іс-әрекет)**

		Мақсаты:Түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып бауырсақты мүсіндеу; **(көркем әдебиет,коммуникативті іс-әрекет,мүсіндеу,**	**Мақсаты**:қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.ойыншықтар туралы түсінік беру. **(жапсыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	рын дамыту,әсемдікке баулу **(жапсыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	
Балалармен жеке жұмыс	**Дидактикалық ойын:«Атауын тап!» Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. **(коммуникативті дағдыларын дамыту) Райымбек**	5 көлемінде санай алуды, сандарды ретімен атауды үйретуді жалғастыру. **(математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту) А.Амина, Аяулым, Райымбек**	Үй жануарларын және олардың төлдерін, үй құстарын атауға қалыптастыру **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік дағдыларын дамыту) Самир,Зарина**	Құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсуге, олардың өтініштерін орындауға дағдыландыру**; (коммуникативтік дағдыларын дамыту) Арман,Ақнәзік**	Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. **(Физикалық дағдыларын дамыту) Райымбек**
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну **(ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту)**				
Серуен	**Серуен №3**	**Серуен №4**	**Серуен №5**	**Серуен №6**	**Серуен №7**
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС «Зейн» балабақшасы**

Топ: «Сұңқар» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 11 - 15 қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 11.09.2023	Сейсенбі 12.09.2023	Сәрсенбі 13.09.2023	Бейсенбі 14.09.2023	Жұма 15.09.2023
Балаларды қабылдау	*Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдй жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау* ***(сөйлеуді дамыту-көммуникативтті іс –әрекет)***				
	Құрылыс материалдарымен ойын. Мақсаты**:** текше мен кірпіштерді пайдаланып үй жиһаздарың құрастыру. (кірпіштерді көлденеңінен және тігінен орналастыру) **(құрастыру-шығармашылық іс - әрекет)**	**Дидактикалық ойын: «Бұл кім?»** Мақсаты: балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру. **(қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, әлеуметтік іс-әрекет)**	**Дидактикалық ойын «Бұл қай мамандық?»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен байыту. **(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік, іс–әрекет).**	**Үстел- үсті ойыны: «Көкөністер мен жемістер»** лото. Мақсаты: Балаларды жемістер мен көкіністерді ажыратуға үйрету. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білу біліктерін жетілдіру. **(қоршаған ортамен танысу,**	**Дидактикалық ойын: "Заттарды салыстыр"** Мақсаты: Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. **(математика негіздері, танымдық ойын)**

				әлеуметтік іс-әрекет)	
Ата-аналармен әңгімелессу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
	Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулық, мінез-құлық ережелері туралы еске салу**.**	Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»	«Баланың балабақшаға бейімделуі» ата-аналармен жеке әңгімелесу.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дидактикалық ойын: «Пішінің тап және мүсінде».** Мақсаты Заттардың пішінің ажыратуға, геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш танып, атай білуге үйрету; ермексаздың, кесектерінен , дөңгелек пішінді заттарды мүсіндеуге машықтаңдыру. (**математика**	**Дидактикалық ойын : «Суретшінің қатесін тап»** Мақсаты: Балаларды берілген суреттерді салыстыра отырып, қатесін таба білуге үйрету. Балалардың зейінің дамыту **(сурет салу-шығармашылық – зерттеушілік қызмет) Дидактикалық ойын «Мамандықты ата»**	**«Кітап бұрышына саяхат»** Мақсаты: әдеби шығармаларда бейнеленген табиғат, қоршаған орта оқиғалары туралы түсініктерін қалыптастыру. **(көркем әдебиет, коммуникативті дағдыларды дамыту) Дидактикалық ойын: «Киімдерді ажырат!»** Мақсаты: Балаларды заттық әлеммен таныстыру және	**«Түрлі-түсті қарындаштар»** Мақсаты: балалардың қарандаштармен сурет салу техникасын жетілдіру**. (сурет салу шығармашылық ойын.) Дидактикалық ойын: «Әдемі сандық»** Мақсаты: Балалардың тілін дамыту. Тұрмыстық заттар мен қоршаған орта	**Дидактикалық ойын: «Кімге не қажет?»** Мақсаты: Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету; отбасы мүшелерінің атқаратын қызметі туралы білімдерін жетілдіру. **(қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет) Дидактикалық ойын: «Жапырақтар»** Мақсаты: балаларды

	негіздері - танымдық-ойын; мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет) **«Шалқан» ертегісі** Мақсаты: Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. **(коммуникативтік іс–әрекет, көркем әдебиет)**	Мақсаты: Балаларды сурет бойынша адамдардың мамандықтарының атауларын табуға және атауға баулу. **(қазақ тілі, коммуникативтік іс–әрекет)**	онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Киімдерді ажыратып, атай білу біліктерін жетілдіру. **(қоршаған ортамен танысу, әлеуметтік эмоционалды дағдыны дамыту)**	заттарының қолдану маңыздылығын түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту, коммунаикативтік іс-әрекет)** **Дидактикалық ойын** **«Бөлшегін тап,ата»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын заттардың (машинаның) бөліктерін білдіретін сөздермен байыту. **(қазақ тілі, коммуникативтік іс–әрекет).**	жапырақтарды ажыратуға үйрету; қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру **(жапсыру-шығармашылық іс-әрекет)** **Дидактикалық ойын** **«Кім не істейді?»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен байытуды жалғастыру. **(қазақ тілі, коммуникативтік іс–әрекет).**
Таңертенге жаттығу	Таңеттеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).** Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары .				
	Қыркүек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені 1.Бір тізбекпен жүру. Жүру, “торғайлар” белгісіне тоқтап, “чик,чирик” деп айту. 3-4 рет 2.“Аюлар” белгісіне еңбектеп жүру. 3. Жүру, шеңберге тұру.				

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">4.Бастапқы қалып: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ ұстап, қолды төмен түсіру. «Құстар қанат қағады» деген белгіге балалар қолдарын иық көлеміне екі жанға көтереді. “Чик, чирик” деп, түсіреді. 5-6 рет қайталау.
5. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақтатып, қолдарын белге қою. Денені оңға, солға бұру. 5-6рет қайталау.
6. Б.қ. тік тұру, аяқ арасын иық көлемінде алшақ ұстау, қолымыз артта. Алға еңкейіп,тізені саусақтармен соғу. “Чик,чирик” деп, б.қ. оралу.
7. Б.қ. Шалқалай жату, қолымыз жанымызда. Қолымыз бен аяқтарымызды жоғары көтере сермелеу, б.қ. оралу. 5-6 рет.
8. Бір тізбекпен жүру.</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек дағдылары)
Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу)
Гигиеналық процедулар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы: «Дос бол сабын суменен ,жуын күнде су мен Сен ,жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың»)
Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.</td></tr>
<tr><td>Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қапшық»
Мақсаты: сипап – сезу арқылы, заттарды ажырата білуге, атауға</td><td>Дидактикалық ойын: «Топтастыр»
Мақсаты: Заттарды пішініне қарай топтастыруға, геометриялық</td><td>Дидактикалық ойын: «Үшбұрыштардан не құрастыруға болады?»
Мақсаты:әр түрлі түстен тұратын</td><td>Дидактикалық ойын: «Кел, санайық!»
Мақсаты: 5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және</td><td>«Бұл қай ертегі»
Мақсаты:суреттер бойынша таныс ертегілерді атауды және олар бойынша сұрақтарға жауап</td></tr>
</table>

	үйрету. Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту-ойын,коммуникативтік іс –әрекет). Артикуляциялық жаттығу «Әндетіп айт». Мақсаты:** Дауысты дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. **(қазақ –тілі, коммуникативтік іс-әрекет)**	пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш танып, атай білуге үйрету; **математика негіздері - танымдық-ойын) «Көңілді доптар»** Мақсаты: Ермексаздың кесектерінен дөңгелек пішіндегі заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. **(мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет)**	заттардың жиыны туралы түсініктерін қалыптастыру ,үш бұрышты пішіндерді дұрыс пайдалана отырып құрастыра білу дағдыларын дамыту, мысалы: үй,үйшік, кілемше т.б.)кеңістікті толық пайдалана отырып жапсыра білу дағдыларына машықтандыру. **(математика негіздері , құрастыру: танымдық-ойын, шығармашылық іс –әрекет).**	аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. **(математика негіздері - танымдық-ойын) Аз қимылды ойын:** «Ұшады, ұшпайды» **Түрлі-түсті жолақшалар** Мақсаты: Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. **(жапсыру-шығармашылық іс - әрекет)**	беруді үйрету. Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. **(Көркем әдебиет-ойын,коммуникативтік, шығармашылық іс –әрекет). Артикуляциялық жаттығу «Ненің әні». Мақсаты:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. (Судың әні – с-с-с; Қоңыздың әні – ж-жж; Желдің әні – ш-ш-ш; Масаның әні – з-з-з) **(сөйлеуді дамыту коммуникативтік іс-әрекет)**

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	**Музыка (маман жоспарына сай)**	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Қос аяқпен секіру. **Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта) дағдыларын қалыптастыру. **ҰІӘ барысы** Сапқа тұру. Жүру, жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Негізгі қимылдар:**	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Қос аяқпен секіру. **Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта) дағдыларын қалыптастыру. **ҰІӘ барысы** Сапқа тұру. Жүру, жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Негізгі қимылдар:** 2–3 метрлік қашықтықта алға	**Музыка (маман жоспарына сай)**	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Допты бастан асыра лақтыру. **Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан) дағдыларын қалыптастыру. **ҰІӘ барысы** Сапқа тұру. Жүру, жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру.

		2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта). Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: Балаларды белгі бойынша шапшаң қимылдауға, бір-біріне соқтығыспай жүгіруге дағдыландыру.	ұмтыла қос аяқпен секіру; Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта) Қимылды ойын: «Бәйге» Мақсаты: балаларды тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру. **Қазақ-тілі (394 бұйрық негізінде) (маман жоспарына сай)**		**Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:** 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан) Қимылды ойын: «Үнсіз өт» Мақсаты: балаларды нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну **(ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту)**				
	«Орныңды тап» серуен кезіндегі тәртіп туралы әңгімелесу	«Менің ойыншығым» ойын жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу	«Қатесін тап» ауа-райына байланысты ретімен киіну	«Біз бақытты баламыз!» тақпағын жаттау	«Біз көмекші боламыз» балалардың киіну кезінде бір-біріне көмектесу арқылы үлкен және ұсақ

					материканы дамыту.
Серуен	№3 Бақылау:Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау. Мақсаты: Күзде құстардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек:Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Аттамақ». Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу. **(Дене шынықтыру,**	№4 Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер» Мақсаты:Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Тақпақ. «Жел» Мақсаты:Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Фонематикалық	№,5 Бақылау:Көшедегі көліктерді бақылау. Мақсаты: Көшедегі көліктердің жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру Көліктер адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Көлікке қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Қимылдық ойын: « Ақ қояным» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.	№6 Бақылау:Құстардың күзгі тіршілігін бақылау. Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. Еңбек: «Біздің ойыншықтар». Мақсаты:Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға,мұқияттылыққа үйрету. Қимылдық ойын: «Жүзік салу» Мақсаты: Балалардың зейінің дамыту. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.	№7 Бақылау:Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Әткеншек тебу. 2. Допты қуалау.

	физикалық қасиеттерді дамыту) Құм бетінде сурет салу. «Таяқшалар» Мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. **(сурет салу, шығармашылық іс-әрекет)** Дербес ойындар: 1.Әткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. Тренинг: «Біз тату баламыз.	қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. **(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс-әрекет)** Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдық қа баулу. Дербес ойындар: «Желмен жарысайық»	**Асфальт үстінде сурет салу.** (дөңгелек пішінді заттар) Мақсаты: дөңгелек пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, елестетуі бойынша салу дағдыларын қалыптастыру. **(сурет салу-шығармашылық іс-әрекет)** Балалардың өз бетімен ойнауы: Қуаласпақ	**(Дене шынықтыру, физикалық қасиеттерді дамыту)** Дербес ойындар: 1.Тығылыспақ 2. Әткеншек тебу.	Тренинг: «Біз біргеміз».
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.				
Серуен	**Серуен №1** «Қар үстіндегі іздерді бақылау»	**Серуен №2** Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.	**Серуен №3** Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.	**Серуен №4** Қырауды бақылау	**Серуен №5** Мұз сүңгісін бақылау
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС «Зейн» балабақшасы**
Топ: «Сұңқар» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 19 – 23 ақпан, 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 19.02.2024	Сейсенбі 20.02.2024	Сәрсенбі 21.02.2024	Бейсенбі 22.02.2024	Жұма 23.02.2024
Балаларды қабылдау	*Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдй жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау* ***(сөйлеуді дамыту-көммуникативтті іс –әрекет)***				
	Әнұран айту. **Дидактикалық ойын: «Құбылыстарды ата»** Мақсаты: Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту. **(Қоршаған ортамен танысу, әлеуметтік іс-әрекет)**. **Жаңылтпаш айту** Мақсаты: Балаларға	**Дидактикалық ойын: «Ретімен сана»** Мақсаты: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге үйрету. **(математика негіздері, танымдық іс-әрекет).**	**«Боямақтар» Мақсаты:** Балаларды суреттерді қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуға машықтандыру. **(сурет салу-шығармашылық іс-әрекет) «Геометриялық денелерді ата»**	**Дидактикалық ойын: «Пішіндерді топтастыр»** Мақсаты: Балаларды геометриялық фигураларды танып, атай білуге үйрету. **(математика негіздері, танымдық іс-әрекет) Дидактикалық ойын «Топтастыр»**	**Дидактикалық ойын: «Бағыт бойынша қозғал!»** Мақсаты: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен) **(математика негіздері, танымдық іс-әрекет). Кітап бұрышында балалардың таңдаған ертегісін оқу.** Мақсаты: Кітаптан

	жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату. **(қазақ тілі, коммуникативтік іс –әрекет.**	**Дидактикалық ойын: «Сөздерді өзгерт» .** Мақсаты: Етістіктің болымсыз түрін қолдана білуге үйрету. **(қазақ тілі, коммуникативтік іс –әрекет).**	Мақсаты:Балаларды геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету. **(математика негіздері, танымдық іс-әрекет)**	**Мақсаты:** Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен байланыстыру, заттарды топтастыруға үйрету. **(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекет)**	ертегілер оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу. **(қазақ тілі, коммуникативтік іс –әрекет).**
Ата-аналармен әңгімелессу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу.	**Ата-аналармен әңгіме**: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітап	**Дидактикалық ойын: «Ғажайып пішіндер»** Мақсаты: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек,	**«Кім күшті?» ертегісін сахналау Мақсаты:** Сахналық қойылым дарға қатысуға, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға	Аналар мерекесіне арналған тақпақтар жаттау. Мақсаты: Балаларға шағын тақпақтар жаттату. **(қазақ тілі, коммуникативтік іс -әрекет).**	**Дидактикалық ойын: «Кейіпкерді бейнеле»** Мақсаты: Образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-	**Дидактикалық ойын: «Атауын тап»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын

тар қарау және тағы басқа әрекеттер)	үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету. **(математика негіздері, танымдық іс-әрекет)** **Дидактикалық ойын: «Керісінше айт?»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. **(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативтік іс –әрекет).**	ынталандыру. **(көркем әдебиет, коммуникативтік іс –әрекет).** **Дидактикалық ойын: «Заттың орның ата?»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында) білдіретін сөздермен байыту. **(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативтік іс –әрекет).**	**«Әсемпаз түлкі» Мақсаты:** Мүсіндеуде қысу, тарту әдістерін қолдану. **(мүсіндеу-шығармашылық іс-әрекет)**	ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру. **(Көркем әдебиет, коммуникативтік іс –әрекет)** **«Қонақтарды күтеміз!»** Мақсаты: Қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. **(мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет)**	білдіретін сөздермен байыту. **(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс –әрекет).** **«Лего» конструк торымен ойын.** Мақсаты: «Лего» конструкторлардан құрастыруды жалғастыру. **(Құрастыру,) шығармашылық іс –әрекет)**
Таңертенге жаттығу	Таңеттеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).**Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары .				
	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені 1. Бір тізбекпен жүру. 2. “Аюлар” төрттағандап жүру. 3. Жүру, бытырай еркін тұру. 4. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын түсіру. Қолдарын алға, артқа сермеу. 5-6 рет қайталау. 5. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын түсіру. “Маятник”оң жанға қисаю, б.қ. оралу. Әр жанға 4 рет қайталау.				

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">6. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қойып, қолды түсіріп тұру.
Алға еңкейіп, қолдарын бос ұстай сілкілеу, б.қ. оралу. 5-6 рет
7. Б.қ. шалқалай жату, қолдары дене бойында. Тізеден бүгілген аяқтарын тарта кеудеге тигізу, б.қ. оралу. Келесі аяқпен қайталау. 5-6 рет
8. “Құлыншақтар” тізелерін барынша жоғары көтере жүру.
9.Бір тізбекпен жүру.</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою)
Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу.
Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.</td></tr>
<tr><td>«Торғай»
Мақсаты: Дайын пішіндерден құстардың пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.
(жапсыру-шығармашылық іс - әрекет)</td><td>Дидактикалық ойын
«Оюлардың атауын тап»
Мақсаты: Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.
(сурет салу-шығармашылық іс-әрекет)</td><td>Көрнекілік бойынша құрастыру
Мақсаты: Көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.
(Құрастыру - шығармашылық іс – әрекет)</td><td>Дидактикалық ойын:«Есте сақта!»
Мақсаты: Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда өзін дұрыс ұстауға үйрету.
(қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет).</td><td>«Мамандықты ата» .
Мақсаты: Балалардың ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі туралы білімдерін қалыптастыру.
(қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет)</td></tr>
</table>

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	**Музыка (маман жоспарына сай)**	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Сызықтан аттап секіру. **Міндеттері:** Балаларды орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіруге; 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіруге; гимнастикалық скамейканың бойымен жүруге дағдыландыру. **ҰІӘ барысы** Бір-бірден сапқа тұру. Орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Негізгі қимылдар** 4–5 сызықтан аттап	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Сызықтан аттап секіру. **Міндеттері:** Балаларды орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіруге; 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіруге; гимнастикалық скамейканың бойымен жүруге дағдыландыру. **ҰІӘ барысы** Бір-бірден сапқа тұру. Орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Негізгі қимылдар** 4–5 сызықтан аттап	**Музыка (маман жоспарына сай)** **Қазақ тілі (маман жоспарына сай)**	**Дене шынықтыру** Шаңғымен жүру. **Міндеттері:** 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіруге; Шаңғымен бірінің артынан бірі жүруге, ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешуге дағдыландыру. **ҰІӘ барысы** Сапқа тұру. Жүру. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Негізгі қимылдар** 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру; Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру, ересектердің

		(сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру; гимнастикалық скамейканың бойымен жүру Қимылды ойын: «Аударыспақ» Мақсаты: Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу	(сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру; гимнастикалық скамейканың бойымен жүру Қимылды ойын: «Аударыспақ» Мақсаты: Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу		көмегімен шаңғыны киіп, шешу. Қимылды ойын: «Аударыспақ» Мақсаты:Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну **(ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№16** (Қыс) Қыстың негізгі белгілерін бақылау. Мақсаты: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету. Еңбек: Ойын аланың қардан тазартып қою. Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу.	**№17**(Қыс) Қала көшелерін бақылау Мақсаты: тәрбиеші көшеде тәртіп сақтау туралы, жол жүру ережесі туралы, көліктердің көптеген түрі туралы білімдерін анықтап, толықтыру. Еңбек: балабақшаның маңын қардан тазарту.	**№ 19** (Қыс) Қардың қасиетін бақылау Мақсаты: қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. Көркем сөз: Аққала Аула сырты баққа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып,	**№20** (Қыс) Құстарды бақылау Мақсаты: қыстай тын, алаңға келетін құстардың аттарын анықтау. Олардың сыртқы бейнесін, қандай жемді жақсы көретінін, қалай тұрып, қалай жүретіндерін анықтау. Балаларды байқағыштыққа,	**№21**(Қыс) Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау. Мақсаты: ауа райын бақылау. Ауа райына көңіл бөліп, байқау өткізулерін ұсыну. Серуендеп келген балаларға бүгін өздері көріп, бақылаған ауа райының жайын күнтізбеге

	Қимылды ойын: «Аяз» Мақсаты: Балаларды тез жүгіруге жаттықтыру. **(Дене шынықтыру, физикалық қасиеттерді дамыту)** Балалардың өз бетімен ойыны: Қармен ойын. Мақсаты: Балалардың дене белсенділігін дамыту.	Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге, бірлесіп еңбек атқаруға, істі тиянақты орындауға үйрету. Қимылды ойын: «Бағдаршам». Мақсаты; Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. **(Қоршаған ортамен танысу, әлеуметтік іс-әрекет)**. Балалардың өз бетімен ойнауы: Қардан қалашық жасау.	Ойлаймыз біз шаттана. Мақсаты; Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға баулу. **(көркем әдебиет, коммуникативтік іс –әрекет).** Еңбек: қарды күреу. Мақсаты; Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Ұстап ал» Мақсаты: белгі бойынша тез әрекет етуге тәрбиелеу. Балалардың өз бетімен ойнауы: Шанамен сырғанау: Мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау.	құстарға жанашыр болуға тәрбиелеу. Еңбек: Құстарды қоректендіру. Мақсаты; Құстарға деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Ұядағы құстар». Мақсаты: Балалар ды шапшаңдылық қа тәрбиелеу. **(Дене шынықты ру, физикалық қасиеттерді дамыту)** Балалардың өз бетімен ойыны: Қармен ойын. Мақсаты: Балалардың дене белсенділігін дамыту.	белгілеулері керектігін естеріне салу. Еңбек: кішкентай балдырғандардың ойнайтын ауласын қардан тазарту. Мақсаты: балаларды өздерінен кішілерге қамқоршы болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Арқан тарту!» Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын қалыптастыру. Балалардың өз бетімен ойнауы: Қардан қалашық жасау.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.				
	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.	Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау.	Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету.	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп

	«Ұқыпты бала» әңгімесі		Қолдарын жууға үйрету.	Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету.	шкафтарына орналастыру.
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі)** **Кезекшілердің жұмысы** (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедулар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. **Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
	«Тамақтану тәртібі» Тамақтану тәртібін сақтаудың пайдасы туралы түсінік беру.	**Ойын- жаттығу:** Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	**Бата беру** Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін!	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою)	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау **(тыныш музыка тыңдау).** Ертегі айту, кітіп оқу **(көркемдік қызмет)**				
	Балалардың ұйықтауына жайлы жағдай жасау. «Үш жалқау ертегісі» тыңдау. Мақсаты; Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді тыңдауға баулу.	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Құлыншағым» музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау. Жай әуен тыңдау.	«Ұйқының пайдасы» әңгіме Мақсаты; Балалардың түрлі әрекеттерінде әңгімелерді тыңдауға баулу. **(көркем әдебиет, коммуникативтік іс –әрекет).**

	(көркем әдебиет, коммуникативтік іс –әрекет).				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру**) (дене белсенділігі)**				
	1.Керуеттегі жаттығулар Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - Балалар төсекте, арқаға жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 – 5 сек. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдары жанында, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Ұйқыдан тұру.6-7 рет 2.Керует жанындағы жаттығулар 3.Шынықтыру шарасы. 4.Демалуды қалыпқа келтіру				
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **(сөйлеуді дамыту)**				
	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті тамақтануға баулу.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету.	Дұрыс тамақтану туралы әңгімелеу.

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	**Еркін тақырыпта мүсіндеу.** **Мақсаты:** Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. **мүсіндеу-шығармашылық іс-әрекет).** **Өз бетінше құрастыру.** Мақсаты: Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. **(Құрастыру - шығармашылық іс –әрекет)** **«Әдемі текемет!»** **Мақсаты:** Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар	**«Арба»** Мақсаты: Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. **(мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет)** **«Гүлдер»** Мақсаты: Дайын пішіндерден гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. **(Жапсыру шығармашылық іс –әрекет).** **Құрылыс материалдарымен ойын.** Мақсаты**:** Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.	**Дидактикалық ойын «Менің Отаным!»** Мақсаты: Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, астананың көрікті жерлері туралы ұғымдарын дамыту. **(қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет)** **Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қоржын.** Мақсаты: Балаларды сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. **(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуника тивтік іс –әрекет).** **Дидактикалық ойын «Әдемі жастық»** **Мақсаты:** Элементтердің ретін, олардың арасындағы	**Дидактикалық ойын «Бірізділігін сақта!»** **Мақсаты:** Геометриялық пішіндерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. **(жапсыру-шығармашылық іс - әрекет)** **Еркін тақырыпта сурет салу.** **Мақсаты:** Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. **(сурет салу-шығармашылық іс-әрекет)**	**«Боямақтар»** **Мақсаты:** Балаларды заттарды бояуда сызбаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуға дағдыландыру. **(сурет салу-шығармашылық іс-әрекет)** **«Торт»** Мақсаты: Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. **(мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет).**

	аударуға деген ұмтылысты қолдау. **(сурет салу-шығармашылық іс-әрекет)**	**(Құрастыру - шығармашылық іс –әрекет)**	арақашықтықты сақтауды ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. **(жапсыру-шығармашылық іс - әрекет)**	**«Еркін тақырыпта құрастыру»** Мақсаты: «Лего» конструкторлардан құрастыру. **(Құрастыру,) шығармашылық іс –әрекет)**	**«Жолақшадағы өрнек» Мақсаты:** Ою-өр нектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. **(жапсыру-шығармашылық іс - әрекет)**
Балалармен жеке жұмыс	**Дене шынықтыру** Доптарды домала тады, заттарды қашықтыққа лақтырады, доптар ды кедергілер арқылы лақтырады және қағып алады. Аяна, Ильяс.	**Сөйлеуді дамыту** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету **Райымбек. (коммуникативтік дағдыны дамыту)** **Математика негіздері** «Бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратады. **Арлан, Зере.**	**Құрылыс материалдарымен ойын** **Мақсаты:** Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Райымбек. (шығармашылық дағдыны дамыту)**	**Дене шынықтыру** Негізгі қимылдар. Лақтыру, домалату, қағып алу. Заттарды оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) лақтыру. Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың бойымен жүру. **Райымбек. (физикалық дағдыны дамыту)**	**Жапсыру** Қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады. **Айзере С, Рияна**. **(шығармашылық дағдыны дамыту)** **Кітап бұрышында кітаптарды қарау.** Мақсаты: Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді,

		(танымдық дағдыны дамыту)		**Сурет салу** Суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін біледі. **Нұрасыл (шығармашылық дағдыны дамыту)**	өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылау. **Райымбек. (коммуника тивтік дағдыны дамыту)**
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну **(ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ мотористі дамыту)**				
	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.	Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикаңы дамыту.	Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою.	Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.	Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикаңы дамыту.
Серуен	**Ойын алаңдарын тазалау (еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату**				
	Серуен № 16 Қыс	Серуен №17 Қыс	Серуен №19 Қыс	Серуен №20 Қыс	Серуен №21 Қыс
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС «Зейн» балабақшасы**
Топ: «Сұңқар» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 26.02 -01.03.2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 26.02.2024**	**Сейсенбі 27.02.2024**	**Сәрсенбі 28.02.2024**	**Бейсенбі 29.02.2024**	**Жұма 01.03.2024**
Балаларды қабылдау	*Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдй жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау* ***(сөйлеуді дамыту-көммуникативтті іс –әрекет)***				
	Конструктормен құрастыру Мақсаты: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен	**Дидактикалық ойын «Пішіндердің орнын тап» Мақсаты:** Балаларды	**Дидактикалық ойын: «Қандай пішінге ұқсайды» Мақсаты**: Балаларды геометриялық	**Кітап бұрышына саяхат Мақсаты:** Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып,	**«Үлкен қалашық» Мақсаты:** Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен

	қарауға, ойнап болған соң оларды жинауға және орнына қоюға, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу. **(Құрастыру, шығармашылық дағдыларын дамыту)**	геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету. **(математика негіздері,таным-дық іс-әрекет)**	фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету **(математика негіздері,танымды қ іс-әрекет)**	ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. **(көркем әдебиет, коммуникативті іс-әрекет) «Кішкентай суретшілер»боя мақтарды бояу** Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Қарындашты дұрыс ұстауын қадағалау **(сурет салу,шығармашылы қ іс әрекет)**	қарауға, ойнап болған соң оларды жинауға және орнына қоюға, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру. **(Құрастыру,шығармашылық зерттеу іс-әрекеті)**
Ата-аналармен әңгімелессу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы	**Ата-аналармен әңгімелесу**: Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың көңіл-күйі ,денсаулығы жайлы әңгімелесу.	**Ата-аналармен әңгімелесу**: Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	**Ата- аналармен әңгіме:** Демалыс күндері баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу

	көретініңізді сездіруін айту				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дидактикалық ойын:** «Кел санайық балақай» **Мақсаты:** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атауға үйрету **(математика негіздері,таным-дық іс-әрекет)**	**Құрылыс материалдарымен ойын Мақсаты:** Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Қауіпсіздік ережелелерін сақтауды қалыптастыру. **(Құрастыру,шы-ғармашылық дағдыларын дамыту)**	«Кішкентай көмекшілер» **Мақсаты:** Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға, оларды суаруға үйрету **(қоршаған ортамен таныстыру (әлеуметтік іс-әрекет)**	**«Денелерді ата» Мақсаты:** Денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету. **(математика негіздері,таным-дық дағдыларын дамыту)**	**Дидактикалық ойын: «Жол тәртібін сақтайық» Мақсаты**: Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеумет тік іс-әрекет)**
Таңертенге жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті)**Тұру,жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары.				
	Таңертеңгі жаттығулар кешені **Наурыз айы** 1. Бір тізбекпен жүру, бытырай жүгіру. 2. Жүру және бірнеше тізбекке бөліну. 3. Б.қ. аяқ арасын сәл алшақ қоя, қолдарын түсіре, тік тұру.Қолдарын екі жанға көтеру, б.қ. оралу. 5-6 рет				

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">4. Б.қ.: малдас құра еденге отыру, қолдары алда. Оң жаққа бұрылып, оң қолын жанға созу, б.қ. оралу. Сол жақпен қайталау. 4-5 рет қайталау.
5. Б.қ.: аяқ арасын сәл алшақ қоя, қолдарын түсіре, тік тұру.Алға тізелерін бүге еңкейіп, қолдарын еденге тигізу, б.қ. оралу. 5-6 рет
6. Б.қ.: Шалқалай жату, қолдары дене бойында.Тізелерді бүге қолдарымен көмектесе отыру, б.қ. оралу. 5-6 рет қайталау.
7. Алға жүгіру.
8. Бір тізбекпен жүру.</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, Еңбек дағдылары :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу)
Гигиеналық процедулар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы:
Дос бол сабын суменен
Жуын күнде су мен сен
Жуынсаң сен әрдайым,
Таза бетің, маңдайың
Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдасты рылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.</td></tr>
<tr><td></td><td>Тақпақ жаттау
Мақсаты:
Балаларға өлең жаттауға үйрете отырып,ақыл ойын дамыту.
Самал беттен өбеді,
Көкте бұлттар көбейді.
Құстар да жетер ән салып,</td><td>«Көктем» сурет бойынша әңгімелеу
Мақсаты:
Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу.
(қазақ</td><td>Дидактикалық ойын:«Сөзді жалғастыр»
Мақсаты:
Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше</td><td>Біз өнерлі баламыз
Мақсаты:
Шығармашылық қиялды дамыту.
Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындауға баулу.
(мүсіндеу,</td><td>Тіл ұстарту жаттығулары
Мақсаты:
Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.
Тіл ұстарту жаттығуы.
Өс - өс - өс
Құстар бізге дос</td></tr>
</table>

	Көгілдір нұрға тамсанып. **(қазақ тілі,коммуникативтік іс әрекет)** «Күшігім» **Мақсаты:** Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. **(жапсыру,шығ.іс-әрекет)**	**тілі,коммуникативтік іс - әрекет)**	және көпше түрде айтуға үйрету **(Сөйлеуді дамыту,коммуникативті іс-әрекет)**	**Жапсыру шығармашылық іс- әрекет)**	Соз - сөз тор - төр Қол – көп от - өт Жон – жөн он - өн **(Қазақ тілі,коммуникативтік іс-әрекет)** **«Реттік санау»** **Мақсаты**: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге дағдыландыру **(математика негіздері,танымдық іс-әрекеті)**
Білім беру мының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	**Музыка** (маман жоспарына сай) **(Шығармашылық дағдыларды дамыту)**	**Дене шынықтыру** **Міндеттері:** Тізерлеп тұрып, алға еңкеюге және артқа шалқаюға, екі аяқты кезек бүгуге және жазуға, көтеріп және түсіруге үйрету. Балалардың доптармен,	**Дене шынықтыру** **Міндеттері**: Тізерлеп тұрып, алға еңкеюге және артқа шалқаюға, екі аяқты кезек бүгуге және жазуға, көтеріп және түсіруге үйрету. Балалардың доптармен,	**Музыка** (маман жоспарына сай) **(Шығармашылық дағдыларды дамыту)** **Қазақ тілі** (маман жоспарына сай)	**Дене шынықтыру(таза ауада)** **Міндеттері:** Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. **ҰІӘ өту барысы:**

		қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындар ойнатуға қалыптастыру **ҰІӘ өту барысы:** 1.Сапқа тұру 2. Сәлемдесу Педагогтың нұсқауы бойынша жүру, Сапта бір-бірден шеңбер бойымен жүгіру **3.Негізгі бөлім:** **Жалпы дамыту жаттығулар:** Б.қ.: «Маса ұшты» 1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Мойынды оңнан солға қарай, солдан оңға қарай айналдыру. «з-з-з» деп айту. /5 рет қайталау/ Б. қ.: «Қақпа» 2. Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. 1-шынтақты артқа созу,	қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындар ойнатуға қалыптастыру **ҰІӘ өту барысы:** 1.Сапқа тұру 2. Сәлемдесу Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру Қатар бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. **3.Негізгі бөлім:** **Жалпы дамыту жаттығулар:** Б.қ.: «Жоғарыда-төменде» Аяқтарын алшық қою, ленталар қолда. Лентаны жоғары созып «жоғарыда» деп айту, төменде түсіріп «төменде» деп айту. /6 рет қайталау./		1.Сапқа тұру 2. Сәлемдесу Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру **3.Негізгі бөлім:** **Жалпы дамыту жаттығулар:** 1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру 2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек-кезек көтеру 3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру **Тыныс алу жаттығуы** Алақандағы қарды үрлеу 4.**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары**. 1. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды

		4.Тыныс алу жаттығуы: «Алақанды үрлейміз» 5.**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары**. **1.** Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеріп және түсіру; **2**. Балаларға доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындар ойнату **5.Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап» Мақсаты:** Түстерді ажыратуға жаттықтыру;қабылдауын дамыту;ойынның ережесін сақтауға үйрету; **Қорытынды:** Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды	**Тыныс алу жаттығуын орыдау Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеріп және түсіру; 2. Балаларға доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындар ойнату **Қимылды ойын:** «Орамал тастау» **Мақсаты:** Балалардың сезіну қабілеттерін,байқампаздығын дамыту; **Қорытынды:** Балаларды мадақтау. Қорытынды		орындау, қимылды ойындарға қатысу **5.Қимылды ойын:** «Кім жылдам» **Мақсаты**:жылдамдық және шымырлық қабілетін арттыру **Қорытынды:** Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, жүгіреді. Балаларды мадақтау.Қортынды

		жанға созып, жүгіреді. Балаларды мадақтау.			
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну **(ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту)**				
Серуен	**Көктем №1** Ауа райына бақылау жасау **Бақылау** Көктемгі ауа райы өте құбылмалы,бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды.Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып,күн сәулесін мол шашады.Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады.Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білуге үйрету. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білуді	**Көктем №2** Күнге бақылау жасау **Бақылау** Күннің маңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту. **Қимылды ойын**	**Көктем №3** Желге бақылау жасау **Бақылау** Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін	**Көктем №4** Аспанға бақылау жұмыс **Бақылау** Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан-сұр,ал қазір - көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету. Қимылды ойын **«Қазым,қазым қаңқылда!»** Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету.	**Көктем №5** Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау **Бақылау** Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола бастайды. Ауа райының жылуына байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса,бұлттар да сонша көбейе түседі. Олар қысты күндегідей аспанды толық баспайды. Тек шоғырланып жүреді. Осы бұлттар ұлпа мақтадай түрлі пішінде тегіс негізде

	жалғастыру. Балалардың байқампаздығын,таби ғат пен қарым-қатынасын дамыту. Қимылды ойын **«Қасқыр мен лақтар»** Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру(лақтар алаңда жүгіреді);жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді.Ойын шартын бұзбау,ұсталғанда ры шетке шығады. Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту. **(физикалық дағдыларын дамыту)** Еңбек іс-әрекеті Ойын алаңын қарлардан тазалау Еңбектенуге деген қабілетін дамыту,бастаған	**«Күн мен бұлт»** Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады. **Еңбек әрекеті** Аула тазалаушыға көмектесу Балаларға жұмыстың қарапайым,оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама Тапсырма 1. Ауладан күнге қызған затты табу. Оның неден жасалғанын айту. Қорытынды. Алдымен темір заттар қызады.	кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту. Қимылды ойын **«Қақпақ пен таяқ».** Еңбек іс-әрекеті **Қажеттілік бойынша жұмыс** Ойын алаңын қалған қардан тазалау Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама **«Жақсы,жаман»** Табиғатта болып жатқан құбылыстардың жақсы және қарама-қайшы тұстарын көре білуге үйрету. Өлі табиғат пен тірі табиғаттың бір-бірімен байланысын;ойлау қабілетін,сөздік қорын дамыту.(Балаларға	Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару. **(физикалық дағдыларын дамыту)** Еңбек іс-әрекеті **Тұқымды қарашірікке отырғызу.** Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама **«Көктемге арнап бояу табайық»** Балалардың жыл мезгілі туралы білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы	болады. Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту. **Қимылды ойын** «Кілттер» Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын ауыстырады. Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру. **Еңбек іс-әрекеті**

	ісін аяқтау,үлкендерге көмектесу. Дидактикалық ойындар.Тәжірибе мен сараптама **«Ауа райын сипатта!»** Балалардың ауа райына байланысты сөзді таңдап алуды үйрету. (жылы,ашық,суық,құрғақ,желді,жаңбырлы,тұманды) Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру,өз ойын іске асыру.	Тапсырма 2. Қай зат тез ысиды? Қорытынды. Ақшылға қарағанда қара заттар тез ысиды. Тапсырма 3. Ағаштың көлеңке жағымен күн түсетін тұсын ұстап көру. Қорытынды. Күн түскен жақ жылы, ал көлеңке жағы суық. Дербес ойындар.	желдің әсерінен болған жағымды-жағымсыз жағдайды айта білуді ұсыну). Тапсырма. «Бұлттардың қозғалысына байланысты жел күшін анықтау». Өзіндік іс-әрекет Көңілді тыныш сәтті қолдауды қарастырып, өзіндік жұмысты мадақтау	қанық болатынын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуді дамыту. **(сөйлеуді дамыту,коммуникативті дағдыларды дамыту)** Өзіндік іс-әрекет Дәлізде ойынға,оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райының жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру.	Ауладағы қарды тазалау. Күрекпен жұмыс істей білу, қарды үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Бұлт неге ұқсайды?» Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту. Өзіндік іс-әрекет Балалардың бірлескен мықты нәтижелі еңбегіне баға беріп,құптау
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б**. (көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)**				
	«Ойыншықтар» Мақсаты:	**«Табиғат құбылыстары» Мақсаты:**	**Кел ертегі тыңдайық Мақсаты:**	**Дид.ойын:«Ұннан жасалған тағамдар» Мақсаты:** Нанға	**«Хайди»ертегі оқу** Тәрбиеші балаларға өздері қалаған

	Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту **Тақпақ жаттау** Ойыншығым құрастырғыш, Көрсетеді көмегін. Кімге көлік, кімге үй, Құрастырам керегін **(сөйлеуді дамыту,коммуникативті дағдыларын дамыту)**	Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту. **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік іс-әрекет)**	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу **(көркем әдебиет, коммуникативті іс-әрекет)**	және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **«Конструктормен ойнайық»** Мақсаты: Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру **(құрастыру,шығ. дағдыларын дамыту)**	ертегіні оқып береді. **Мақсаты:** Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **(көркем әдебиет, коммуникативті іс-әрекет)**
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы** (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедулар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. **Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
	Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз,	**Ойын жаттығу** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу.	**Кезекшілердің жұмысы** (асхана құралдарын,	**Ас ішу тәртібі:** Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды.	**Дид.ойын: «Ойыншықтар»** **Мақсаты:** Сөздік қорды заттар тобын білдіретін

	Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз	Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың **(сөйлеуді дамыту,коммуникативті дағдыларды дамыту)**	майлықтарды үстелге қою)	Асты асықпай әбден шайнап жеу керек	жалпылаушы сөздермен (ойыншық) толықтыру **(сөйлеуді дамыту,коммуникативті дағдыларын дамыту)**
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау **(тыныш музыка тыңдау).** Ертегі айту, кітіп оқу **(көркемдік қызмет)**				
	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау .Жәй әуен қосып қою	**«Ертегі тыңдайық» Мақсаты:** Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау **(көркем әдебиет, коммуникативті іс-әрекет)**	Балалардың жайлы ұйықтауы үшін әуен қосу **Мақсаты:**Музыка ның көңілді, ойнақы сипатын қабылдауға баулу **(шығармашылық дағдыларын дамыту)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау Аудио ертегі тыңдату	Ұйқыға арналған әуен қою. **(музыка шығармашылық дағдыларын дамыту)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру**) (дене белсенділігі)**				
	1.Керуеттегі жаттығулар Ояну жаттығу. Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау)				

	Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау) - «Күн оянады» - арқада жатып. Шынтаққа көтерілу, басты оңға –солға бұру. - «Күн оянады» - арқада жатып. Тізені қолмен құшақтау, оңға солға бұралу. - «Күншуақты жаттығу» - арқада жатып. Алдымен қолды, содан соң аяқты жоғары –төмен көтереді.				
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **(сөйлеуді дамыту)**				
	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.	«Бата»ас қайтару Асқа берекет Адамға қанағат Айдан аман ет Жылдан есен ет	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Бата айтып, «Ас қайтаруды» үйрету. Асқа берекет Адамға қанағат Айдан аман ет Жылдан есен ет	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	**«Көктем келді алақай» (еркін тақырыпта)** **Мақсаты:** Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануға қалыптастыру **(сурет салу,мүсіндеу шығармашылық іс- әрекет)**	**«Құстарға арналған ұя»** **Мақсаты:** Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға деген ұмтылысты қолдау. **(сурет салу,жапсыру, шығармашылық іс- әрекет)**	«Мерекелік жалауша » **Мақсаты:** Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту **(сурет салу,жапсыру шығ.іс-әрекет)**	**«Алғашқы гүл бәйшешек»** **Мақсаты:** Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. **(жапсыру шығармашылық дағдыларын дамыту)**	**«Көңілді күн»** **Мақсаты:** Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру **(жапсыру шығармашылық іс-әрекет)**

Балалармен жеке жұмыс	**«Жаңылтпаш айту Мақсаты:** Жаңылтпаштар айтуға үйрету **Райымбек (коммуникативтік дағдыны дамыту)**	**Дид.ойын: «Түстер» Мақсаты**:Қоңыр, қызғыл сары,ашық жасыл реңктерді тануға үйрету **Бегім**	**«Дыбыстарды анық айт» Мақсаты**: Қазақ тіліне тән ө,қ,ғ дыбыстарын жеке,сөз ішінде анық айтуға үйрету **Арлан (коммуникативтік дағдыны дамыту)** **Дидактикалық ойын: «Сандар тізбегі» Мақсаты**: 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. **Райымбек (математика негіздері, танымдық дағдыны дамыту)**	**Дидактикалық ойын: «Өсімдіктерді ата» Мақсаты**: Өсімдіктер әлемі Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атауға үйрету. **Райымбек (қоршаған орта, әлеуметтік дағдыны дамыту)** **Қимылды ойын**: «Қос аяқтап секір» **Мақсаты**: Алға ұмтылып,ұзындық қа қос аяқпен секіруге үйрету **Риана**	**Дидактикалық ойын:«Салыстыр» Мақсаты**: Сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыруға үйрете білу **Аяна** **Қимылды ойын**: «Тепе-теңдікті сақтау» **Мақсаты**: Гимнастикалық скамейканың бойымен жүру Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту; **Райымбек (коммуникативтік дағдыны дамыту)**
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну **(ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**Серуен №1**	**Серуен №2**	**Серуен №3**	**Серуен №4**	**Серуен №5**

	Ауа райына бақылау жасау	Күнге бақылау жасау	Желге бақылау жасау	Аспанға бақылау жұмыс	Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС «Зейн» балабақшасы**
Топ: «Сұңқар» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 04– 7 наурыз, 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 04.03.2024	Сейсенбі 05.03.2024	Сәрсенбі 06.03.2024	Бейсенбі 07.03.2024	
Балаларды қабылдау	*Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдй жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау* ***(сөйлеуді дамыту-көммуникативтті іс –әрекет)***				
	Әңұран айту. **Дидактикалық ойын: «Не үшін қажет?»** Мақсаты: Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. **(Қоршаған ортамен танысу, әлеуметтік**	**Дидактикалық ойын: «Ғажайып пішіндер»** Мақсаты: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету. **(математика**		**Дидактикалық ойын: «Өсу кему ретімен орналастыр!»** Мақсаты: Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыруға дағдыландыру.	

	іс-әрекет). **«Аналар мерекесі» Әңгіме.** Мақсаты: Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу. **(қазақ тілі, коммуникативтік іс –әрекет.**	**негіздері, танымдық іс-әрекет)** **Дидактикалық ойын: «Кейіпкерді тап!»** Мақсаты: Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге баулу. **(қазақ тілі, коммуникативтік іс –әрекет).**		**(математика негіздері, танымдық іс-әрекет)** **Дидактикалық ойын: «Дұрыс айт»** Мақсаты: Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. **(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс –әрекет).**	
Ата-аналармен әңгімелессу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу.	**Ата-аналармен әңгіме**: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.		**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бе	**Дидактикалық ойын: «Бағыт бойынша қозғал!»** Мақсаты: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта	**«Үш аю» ертегісі.** **Мақсаты:** Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің		**Сурет бойынша әңгіме құрастыру.** Мақсаты: Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше	

йнелеу әрекеті,кітап тар қарау және тағы басқа әрекеттер)	қозғалуға (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен) үйрету**. (математика негіздері, танымдық іс-әрекет)** **Дидактикалық ойын: «Кімнің құралы?»** Мақсаты: Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. **(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативтік іс –әрекет).**	дамуын қадағалауға дағдыландыру. **(көркем әдебиет, коммуникативтік іс –әрекет).** **«Боямақтар»** **Мақсаты:** Балаларды суреттерді қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуға машықтандыру. **(сурет салу-шығармашылық іс-әрекет)**		қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. **(Көркем әдебиет, коммуникативтік іс –әрекет)** **«Мерекелік дастархан»** Мақсаты: Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. **(мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет).**	
Таңертенге жаттығу	Таңеттеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).**Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары .				
